

FTAMP 06. 81
ЭОЖ 338.28
JEL 038

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-4-121-133>

Е.М. ӘБЕНОВ,*¹

PhD, доцент.

*e-mail: aem11186@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0243-9223

К.К. ХАСЕНОВА,¹

Э.Ф.К., доцент.

e-mail: n_kenzhegul@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4787-2028

С.С. ЫДЫРЫС,²

Э.Ф.Д., профессор.

e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-0593-1990

Ж.М. АКИМОВ,³

PhD, доцент.

e-mail: akimov404@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5476-9742

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан

²Қ.А. Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

³Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ САЛАДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЫНТАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Андатпа

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс технологиясы мен ресурстарды басқару тиімділігін жетілдіру маңызды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) механизмін қолдану оларды дамыту үшін инвестиция тарту технологиясы бойынша тиімді жолдардың бірі. МЖӘ – экономикадағы маңызды орын алатын мемлекет меншігіндегі инфрақұрылымдық объектілер, кәсіпкерлік, өндіріс, әлеуметтік саланың дамуына және экономиканың жаңғыруына әсер етеді. Сонымен қатар әлемдік нарықтағы өзгермелі жағдай мен бюджеттік ресурстардың шектеулілігін ел экономикасына инвестиция тартудың жаңа механизмі ретінде де қарастырсақ болады. Ғылыми мақалада авторлар инновациялық салада мемлекет пен кәсіпкерліктің мүдделері көп жерде сәйкес келетіндігін және тараптардың бірлескен ресурстық күші экономиканың басым салаларының өсуіне, жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өнімдердің шетел нарығында қазақстандық тауарлар мен қызметтердің үлесін арттыруға болатындығын анықтауға тырысты. Осыған байланысты авторлар Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша кәсіпкерліктің инновациялық даму бағыттарын табысты шешу МЖӘ механизмі негізінде дамытуға болатындығын дәлелдеп, әдістемесі мен механизмін ұсынады. Осы айтылған ойдың, ұстанымның негізінде инновациялық саясатты іске асыру, инновациялық процестің барлық кезеңдерінде мемлекеттік және кәсіпкерлік сектордың бірлесіп, келісіп жұмыс істемесе жүзеге асыру мүмкін емес. Авторлар кәсіпкерліктің инновациялық дамуына мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмінің рөлін жан-жақты зерделеп көрсеткен. Сонымен қатар мақалада қазіргі Қазақстан Республикасында қаржылық-экономикалық дағдарыс күрделенген жағдайда, МЖӘ-нің дамуында кездесетін мәселелер терең және жан-жақты теориялық-әдіснамалық тұрғыда қарастырылған. Елдің инновациялық дамуын жандандыру тетігі ретінде МЖӘ негізінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік құрылымдардағы инновациялық үдерістерді басқарудың жоғары деңгейі ұсынылған.

Тірек сөздер: мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, агломерация, кәсіпкерлік, инновациялық қызмет, механизм, ғылыми-техникалық сала.

Кіріспе

Ғылыми-техникалық саладағы инновацияларды ынталандыру құралы ретінде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (МЖӨ) пайдалануды зерттеудің жаңашыл тұстары ынтымақтастықтың әлеуетті артықшылықтары мен практикалық салдарын зерттеу.

Дәстүрлі түрде ғылыми-техникалық саладағы инновациялар академиялық ғылыми-зерттеу институттары мен мемлекеттік қаржыландырумен ынталандырылды. Алайда зерттеулердің күрделілігі мен құнының өсуімен бірге мемлекет пен жеке секторлар арасындағы ынтымақтастық инновациялардың нәтижелерін жақсарту алатынын мойындау артып келеді.

МЖӨ зерттеулері аталмыш серіктестік түріне байланысты бірегей артықшылықтар мен мәселелерді анықтауға бағытталған. Ол мемлекеттік және жеке ресурстардың, тәжірибелер мен перспективалардың үйлесімі тиімдірек және тиімді инновациялық процестерге қалай әкелетінін зерттейді.

Зерттеудің бірқатар тәжірибелік маңыздылықтарын атап өтуге болады. Біріншіден, бұл МЖӨ ғылыми-техникалық прогрестің қарқынын жеделдету үшін жеке сектордың инвестициялары мен мүмкіндіктерін қалай пайдалана алатыны туралы түсінік береді. Ресурстар мен білімді біріктіре отырып, МЖӨ жалпы қоғамға пайда әкелетін инновациялық технологияларды, өнімдер мен қызметтерді дамытуға ықпал ете алады. Екіншіден, зерттеу МЖӨ-нің ықтимал экономикалық пайдасын нақтылай түседі. Инновацияларды ілгерілету, бұл серіктестіктер экономикалық өсуді ынталандыруы, жұмыс орындарын құруы және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыруы мүмкін. Нәтижелер мүдделі тараптарды инновацияға негізделген экономикалық дамуды ынталандыру құралы ретінде МЖӨ-ні қолдау мен ілгерілетудің құндылығы туралы хабарлай алады.

Материалдар мен әдістер


Кәсіпкерлікті инновациялық дамытудағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмінің рөлін зерделеудің әдістемелік негізі ретінде, бірінші кезекте, заманауи кәсіпкерліктің теориялық негіздері, оның ішінде инновациялық кәсіпкерлікке байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық ілімдерін жатқызамыз. Осыған қоса соңғы уақытта кеңінен дамыған мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің дамуына негізделген инновациялық әрекетті жетілдіруге бағытталған теориялық тұжырымдар, оның ішінде ғылыми-инновациялық әлеуетті желілік байланыстарды ілгерілету арқылы арттыру тұжырымдары жатады. Бұл теориялардың басты лейтмотиві МЖӨ механизмі ғылыми-инновациялық салаға инвестициялар тарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және кәсіпкерлік сектордағы инновацияларға деген сұранысты ынталандырады. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікке негізделген кәсіпкерлікті инновациялық дамытудың авторлық тұжырымдамасын ғылыми мақаланы зерттеудің әдістемелік негізі ретінде ұсынамыз (1-сурет, 123 б.). Бұл схемада қарастырылған теориялардың негізгі тұжырымдары арқылы біздің зерттеуді жүзеге асыру бағыттары қарастырылған.

Зерттеулер барысында МЖӨ оңтайлы пайдаланылу маңыздылықтарын ашу мақсатында салыстырмалы талдау, сандық талдаулар, қаржылық деректер, жоба тиімділігінің көрсеткіштері және экономикалық әсерді бағалау МЖӨ жобаларына қатысты сандық деректерді сараптауға мүмкіндіктер берді, сонымен қатар МЖӨ тиімділігі туралы сапалық қорытынды жасау үшін статистикалық деректерді талдау және саясатты талдау әдістері кеңінен қолданылды.

Негізгі ережелер

Инновациялық экономика саласындағы зерттеулердің кең ауқымына қарамастан, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырудың көптеген мәселелері әлі де болса көптеген зерттеулерді талап етеді және даулы болып қала береді.

Қазақстанда инновациялық экономиканы табысты дамыту үшін инновациялық сектордағы әріптестіктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын билік, ғылым және бизнестің интеграциясын зерттеу қажет.



Сурет 1 – Мемлекеттік-жекешелік әріптестікке негізделген кәсіпкерлікті инновациялық дамытудың әдістемелік негіздері

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Инновациялық саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (МЖӘ) мақсаты ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту және отандық және жаһандық нарықтардың жұмыс істеуі үшін бәсекелестік саланы қалыптастыру.

Мақалада мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің елдегі қызметтің инновациялық белсенділігін жандандырудың, ұзақ мерзімді инвестицияларды тартудың негізгі ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерінің бірі екендігін негізге ала отырып, оны дамытудың ғылыми негізделген әдістемелік бағыттары ұсынылды.

Әдебиетке шолу

Экономикалық қатынастардың жаһандануы жағдайында ұлттық экономиканың тұрақты өсуі мен бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде аймақтардың инновациялық әлеуеті мен инновацияларды дамыту мәселелерін МЖӘ механизмі негізінде Р. Cooke [1], М. Hagland [2], С. Orman [3] сияқты шетелдік ғалымдар мен экономистердің еңбектерінде кеңінен талданады.

Білім беруді дамытуға, МЖӘ конверсиясына және мемлекеттік органдар мен бизнес құрылымдары арасындағы басқару теориялары мен әдістемесін дамытуға елеулі үлес қосқандар F. Biermann, A.P.C. Change [4] сияқты шетелдік ғалымдар болды.


Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті трансформациялау, инновациялану мәселелері келесі ғалымдар еңбектерінде кеңінен қарастырылған: М. Kort, E.H. Klijn [5].

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасында МЖӘ-нің теориялық және заңнамалық, құқықтық негіздері толығымен қалыптасты. Енді МЖӘ негізінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік жобаларды басқару, ұйымдастыру механизмдерін жетілдіру бойынша жұмыстар атқару қажет.

Кәсіпкерліктің инновациялық дамуы – ұлттық экономика деңгейінде кәсіпкерліктің инновациялық ортасын қалыптастыру және дамыту үшін инновациялық (жаңашылдық) стратегиялар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда және өндірістік үдеріске енгізуде күтілетін нәтижелерге қол жеткізудің және тиімділікті арттырудың негізі. Олай болса, бұл қол жеткізілетін нәтижелер мен тиімділік кәсіпкерліктің инновациялық дамуының және оның механизмдерін жетілдірудің техникалық, ресурстық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерін қамтиды.

Инновациялық жобаларды басқару тәжірибесі қаржылық ресурстардың көлемі мен қуаттылығына, инновациялық қызметтің тиімділігі көбінесе олардың мақсаттылығына байланысты екенін айқындайды. Инновациялық жобаларды қаржыландыру процесін басқару қаржыландыру көздерінің баламалылығына бағытталуы керек. Осылайша, Қазақстанда инвестициялар көздерінің баламалылығы әлде де болса ең төмен деңгейде, өйткені ол көп жағдайда бюджеттік субсидиялардан тәуелді, ал шет мемлекеттерде бұл негізінен әртүрлі нысандағы жеке инвестициялар (2-сурет).



Сурет 2 – Әр түрлі елдердегі зерттеулер мен әзірлемелерді бюджеттік және бюджеттен тыс қолдаудың арақатынасы, 2022 ж.


Ескертпе: [6, 7] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған.

Қазақстан жағдайында мемлекет қазақстандық кәсіпкерлерді өндіріске инновацияларды енгізуге неғұрлым белсенді ынталандыруы орынды, бұл, әрине, ғылымды қаржыландырудың бюджеттен тыс қорларының өсуіне ықпал ететін болады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономикалық өсудің маңызды факторы «ғылыми-техникалық прогресс» және белгілі бір елдің дамуының сәттілігі оның ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі кезеңінің ерекшеліктеріне бейімделу дәрежесіне байланысты. Сонымен

қатар, дамушы нарықтардың инновациялық дамуының практикалық мәселелері ғылыми зерттеу жүйесінің қалыптасуы сатысында тұрған дамушы нарықтардағы инновацияларды коммерцияландыру ерекшеліктерін зерттеуді талап етеді. Экономиканың маңызды қасиетіне айналған инновацияларды коммерцияландыру елдің ҒТП-ның заманауи кезеңіне бейімделгенін және оның тұрақты өсуін көрсетеді. Сәйкесінше, инновацияларды коммерцияландыру енді ғана дами бастаған елдерде экономика тұрақсыз болатыны анық. Әрине бұл дамушы нарық елдері, оларға Қазақстан да жатады. Нарық үшін инновациялық өнімдер жасауға мүмкіндік беретін индустриялық-инновациялық даму деңгейіне қол жеткізу үшін дамыған ұлттық инновациялық жүйені құру қажет, оның негізінде базалық жүйе құрушы элементтерді: «ғылым – өндіріс – бизнесті» байланыстыратын шеңбер болады. Олардың әрқайсысының жай-күйі инновацияларды коммерцияландырудың және тұтастай алғанда елдің инновациялық дамуының деңгейіне тікелей әсер етеді [8].


«Ғылым – өндіріс – бизнес» моделі негізінде инновацияларды коммерцияландырудың бірден-бір жолы МЖӨ негізіндегі жобаларды дамыту болмақ. Жеке сектор мен мемлекеттің ұтымды серіктес болуының нәтижесі ғылыми зерттеулердің де тәуекелдік мәселелерін оңынан шешуге, сонымен қатар инновацияларға шығындардың жұмсалудың белсендіруге және жалпы инновациялармен айналысатын кәсіпорындар санының артуына алып келетін болады [9]. Ал бұл өз кезегінде экономикалық өсудің тұрақтандырылуына себепші болмақ. Қазіргі таңда, статистикалық мәліметтер бойынша, 2022 жылға есеп тапсырған ұйымдар саны – 28216 бірлікті құраса, одан инновациялары барлары – 2972 бірлікті құраған. Инновация саласындағы белсенділік деңгейі 10,5%, инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі 1,92% құрады (3-сурет).



Сурет 3 – Инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі, %

Ескертпе: [12] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Инновацияға жұмсалған шығындардың қаржыландыру көздері құрамының көп үлесі, 78,1%-ы кәсіпорынның меншікті қаражаттарына, 8,6%-ы республикалық бюджет құралдарына және 13,3 %-ы басқа дереккөздер құралдарына тиесілі (4-сурет) [7].



Сурет 4 – 2022 жылға инновацияға жұмсалған шығындар құрылымы, %


Ескертпе: [7] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Сонымен, инновация саласында мемлекет пен кәсіпкерлік сектордың әріптестігін дамыту жоғары әлеуетке ие.

Жоғарыда ұсынылған талдау мен көзқарастарды қорытындылай келе Қазақстан Республикасында МЖӨ негізінде кәсіпкерліктің инновациялық дамытудың негізгі механизмдерін және қарым-қатынастарын қарастырған орынды.

Төмендегі 5-суретте мемлекет пен кәсіпкерлік сектордың негізгі ресурстарына билік, саясат, салық, кепілдік, білім беру, ғылым, басқару, ұйымдастыру, шешім қабылдау жатады. Осыған орай, МЖӨ негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамыту бағыттарының қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- ♦ даму институттарының қызметін қолдану;
- ♦ инновациялық аймақтық кластерлерді қалыптастыру және дамыту;
- ♦ жоғары технологиялық кәсіпкерлікті дамытудың инновациялық инфрақұрылымын құру және қамтамасыз ету (стартаптар, мемлекеттік гранттар, венчурлік қаржыландыру, корпоративтік инновацияларды, инновациялық кластерлерді дамыту және т.б.) [10] .




Сурет 5 – Мемлекет пен кәсіпкерлік сектордың ресурстарын біріктіру қарым-қатынасы

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Ұсынылған бағыттар мен ресурстар Қазақстан Республикасының экономикасына және МЖӨ-нің қолданыстағы заңы мен нормативтік құқықтық актілеріне негізделе отырып жасалды.

МЖӨ жобаларының, салыстырмалы түрде, бірте-бірте қарқын алып келе жатқандығын айта аламыз. Олардың ішінде Республикалық жобалар 98,6%-ды, ал жергілікті жобалар 1,4%-ды құрап отыр (1 қаңтар 2023 ж. дерек).


Сондай-ақ 2023 ж. басындағы мәліметтерге жүгінсек, Қазақстанда жалпы құны 2 114 млрд теңгені құрайтын, барлығы 1066 МЖӨ келісімшарттары жасалған, оның 15-і жалпы құны 1222,7 млрд теңгені құрайтын республикалық жобалар болса, ал 1051-і жалпы құны 891,5 млрд теңгені құрайтын жергілікті жобалар (6-сурет, 127 б.).



Сурет 6 – МЖӨ деңгейлік жобаларының жалпы жобалар құнындағы үлестік көрсеткіші, млрд теңге (1 қаңтар 2023 ж.)

Ескертпе: «МЖӨ» АҚ анықтамалық деректері негізінде авторлармен құрастырылған.

МЖӨ жобаларының деңгейлік ерекшеліктеріне қарай бөлінісі мен құндық сипаты бойынша үлес салмақтарын сипаттаумен қатар, маңызды көрсеткіштердің бірі сәтті аяқталған МЖӨ жобаларының көрініс болмақ (7-сурет).



Сурет 7 – Қазақстанда МЖӨ негізінде жылдар бойынша аяқталған жобалар саны

Ескертпе: «МЖӨ» АҚ анықтамалық деректері негізінде авторлармен құрастырылған.

МЖӨ механизмдерін пайдалану негізінде мемлекет пен жеке сектордың өзара тиімді ынтымақтастығының тиімділігін арттыру, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту, экономиканы әртараптандыру үшін қажетті инфрақұрылымды жедел жаңғырту мүмкіндігі пайда болды.

Әрі қарай, МЖӨ механизмі негізінде кәсіпкерліктің инновациялық дамуын қолдаудың алғышарттары, инновациялық бағдарланған МЖӨ (ИБМЖӨ) тұжырымдамасы арқылы қол жеткізуге болатындығын атап өткен жөн [11].

ИБМЖӨ мемлекеттік-жеке инновациялық желілер (МЖИЖ). МЖИЖ инновация саласындағы мемлекеттік және жеке ұйымдар арасындағы әріптестік байланысты сипаттайды [12]. Бұл екі тұжырымдаманың көздеген мақсаты бір, ол – инновацияны дамыту. Олардың атауының өзі мемлекеттік және кәсіпкерлік сектор арасындағы қарым-қатынасты білдіреді.

Кәсіпкерлік сектор университет, мемлекеттік зерттеу орталықтары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми нәтижелерін кәсіпкерлік секторға енгізіп қолданып келеді. Осындай әріптестік МЖИЖ-ға мыналарды білдіреді:

- ♦ ИБМЖӨ бағыттары ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру, стартап, кластерді құру, гранттар беру, ҒЗТҚЖ бірлесіп пайдалану немесе инновациялық бірлескен жабдықты сатып алу;

♦ әріптестік мақсаты бойынша ғылыми зерттеу ұйымдарының нәтижелерін енгізу арқылы қаржылық үнемдеу, ұйымдастыру мен басқарудың тиімді жолын табу [13].

ҒЗТҚЖ және инновациялық саясат, мемлекеттік гранттар, кластерлер, стартап, венчурлік қор кәсіпкерлік сектордың инновациялық дамуының басым бағытына айналуы керек.

Жоғарыда аталған кәсіпкерліктің инновациялық дамуындағы ИБМЖӘ және МЖИЖ ерекшеліктерін және рөлдерін ескере отырып, біздің пікірімізше, МЖӘ негізіндегі кәсіпкерліктің инновациялық дамуы деген ұғымды қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Сонымен, МЖӘ негізіндегі кәсіпкерліктің инновациялық дамуы – бұл мемлекет пен кәсіпкерлік сектордың оңтайлы өзара әрекеттесуі нәтижесінде ғылыми-инновациялық әлеуетті көтеруге негізделген әртүрлі инновациялық идеяларды және жобаларады жүзеге асырумен байланысты әріптестікті кеңейтудің және нәтижелерге қол жеткізудің түрлі механизмдерінің жиынтығы [14].

Мемлекет пен кәсіпкерлік сектордың ынтымақтастығын тиімді пайдалану және жетілдіруге баса назар аудару керек. Мемлекеттік секторға кәсіпкерлік инновациялар мен басқарушылық тәжірибесін жұмылдыруға мүмкіндік беретін маңызды артықшылықтарды дәлелдеді.

МЖӘ дамуы төмендегі артықшылықтарды береді:

- ♦ баға факторы, сапа сипаттамалары мен тәуекелдерді төмендету, МЖӘ пайдасын басқару мен шешімдерді қабылдау кезіндегі тиімділігі;
- ♦ мемлекет үшін әріптестік инновациялық дамуға мүмкіндік береді;
- ♦ кәсіпкерлік өзінің экономикалық сипаты бойынша нарықтық қағидаттарға негізделген, инновацияларға ұмтылады және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында прогрессивті техникалық және технологиялық процестерді қолданады;
- ♦ қоғамдық игіліктерді ұлғайтуда кәсіпкерлік сектордың қаржысын тарту арқылы ресурстық мүмкіндіктерді кеңейту;
- ♦ халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын түбегейлі жаңадан түрлендіру;
- ♦ мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтығы негізінде «баға-сапа» коэффициенттерін жақсарту;
- ♦ МЖӘ инновациялық қызметті дамытуға және қоғамдық қызмет көрсетуді ынталандырады.

МЖӘ механизмін қолдану арқылы мемлекеттік жауапкершілік саласына қатысты объектілердің тиімді жұмыс істеуі мен басқару үшін алғы шарттар жасайды. МЖӘ механизмін кеңінен қолдану инвестициялық және инновациялық қызметті күшейтуге негізделген тиімді экономикалық саясатты қамтамасыз етудің ынталандырушы қағидаттарының бірі. МЖӘ жобаларының кәсіпкерлік сектор үшін тартымдылығын арттыру мақсатында МЖӘ құжаттамасын қарау мен үйлестіру шарттары оңтайланды, бұл жоспарлауға қажетті уақытты қысқартады [15, 16].

Сонымен, жоғарыдағы айтылған ойларды зерделеу нәтижесінде кәсіпкерлікті инновациялық дамытуды қолдаудың негізгі түрлері төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

Кестеде ұсынылған кәсіпкерлікті инновациялық дамытуды қолдаудың түрлерін ескере келе инновациялық салада мемлекет пен кәсіпкерліктің өзара іс-қимылының ауқымы мен нысандарын кеңейтуге бірқатар факторлар әсер ететінін айтып өткен жөн:

- ♦ МЖӘ мемлекет пен кәсіпкерліктің экономикалық қатынастарын дамытуға мүмкіндік беретін аралас экономика механизмдерінің бірі;
- ♦ елдің экономикалық жағдайының тұрақтылығы;
- ♦ МЖӘ саласындағы заң, құқықтық нормативтік актілердің тиімділігі;
- ♦ барлық рәсімдердің ашықтығы мен айқындылығы;
- ♦ жеке қаржылық бастамаларды мемлекеттік қолдау;
- ♦ МЖӘ мемлекет пен жергілікті билік органдарына тиесілі меншікті және маңызды салаларға өндіріс процестеріне кәсіпкерлік сектордың ресурстарын тартуға, сондай-ақ, бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігі үшін және кәсіпкерлік бастаманы пайдалануға мүмкіндік береді;
- ♦ МЖӘ жобалары шеңберінде мемлекеттің және кәсіпкерліктің күш-жігері мен ресурстарын біріктіру олардың қосымша бәсекелестік артықшылықтарын, инновациялық белсенділігін қалыптастырады.

Кесте 1 – Кәсіпкерлікті инновациялық дамытуды қолдау түрлері

Қолдау түрі	Сипаттамасы
Әкімшілік құқықтық	Мемлекеттік саясаттың міндеттерін анықтайтын және мемлекеттік органдардың міндеттері мен функцияларын және оларды іске асыру механизмдерін белгілеуді қоса алғанда, кәсіпкерлік қызметті қолдаудың барлық мәселелерін реттейтін арнайы құқықтық актілерді қабылдау
Қаржы-несие және инвестициялық	- Кәсіпкерлікпен айналысуға, құруға, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді кеңейтуге және жаңғыртуға субсидия беру, коммуналдық төлемдердің бір бөлігін өтеу; - Мамандандырылған қаржылық, несиелік, сақтандыру және инвестициялық институттар (банк, қор, венчурлік компаниялар) құру.
Салықтық	Инновациясы бар кәсіпкерлік субъектілеріне алғашқы 1–2 жыл салықтардан босату.
Кадрлық	- Қызметкерлердің, әсіресе жастардың санын көбейтетін кәсіпкерлікті ынталандыру; - Инновациялық жаңашылдығы бар кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлерін және менеджерлерін оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру.
Кеңес және ақпарат беру	- Кәсіпкерлік пен айналысу, құру үшін арнайы қызмет көрсету бойынша әртүрлі кеңес беру және ақпараттық қызмет көрсету.
Экспорттық қызметті қолдану	- Кәсіпкерлердің өнімдерін немесе инновациялық идеяларды басқа елдердің нарықтарына жылжытуға жәрдемдесетін мамандандырылған құрылымдар құру.
Ескертпе: [16] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.	

Қорытынды

МЖӘ құралын кәсіпкерліктің инновациялық дамуының факторы ретінде енгізу қиындықтарына қарамастан, ол жоғары сапаның оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады. Оны іске асырудың табыстылығы нормативтік құқықтық базаның даму деңгейіне, үйлестірілген институционалдық ортаға, қарастырылатын мәселелердің экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдеріне байланысты. МЖӘ инновациялық қызметті дамытуға, билік органдарының стратегиялық мақсаттарына сәйкес экономиканы әртараптандыруға ықпал етеді, соның нәтижесінде тұтынушылардың, яғни жалпы қоғамның өмір сүру сапасы жоғарылайды.

ҚР үшін ғылыми-техникалық сферадағы инновациялық қызметті ынталандыру құралы ретінде МЖӘ механизмдерін қолдану келесі бағыттарда жүзеге асырылуы маңызды:

1. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларды қаржыландыру. Үкімет жеке компаниялармен бірлесіп ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ете алады. Бұл инновациялық ғылыми және техникалық қызметке инвестиция салатын компанияларға гранттар, субсидиялар немесе салық жеңілдіктері болуы мүмкін.

2. Білім беруді ынталандыру: МЖӘ серіктестіктері ғылыми-зерттеу институттары мен жеке компаниялар арасында білім мен технологияны беруді жеңілдетуі мүмкін. Бұған бірлескен ғылыми жобалар, тағылымдамалар немесе іссапарлар арқылы қол жеткізуге болады, мұнда зерттеушілер мен ғалымдар инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін сала мамандарымен тығыз жұмыс істейді.

3. Инновациялық орталықтар жұмысын жандандыруға ықпал ету, көбейту.

Ғылыми орталар мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесудегі белсенділікті арттыру. МЖӘ саласындағы серіктестік бірлескен конференциялар, семинарлар ұйымдастыру арқылы ғылыми орталар мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастыққа ықпал ете алады. Бұл білім алмасуға, саланың қажеттіліктерін анықтауға және зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруға ықпал етуі мүмкін.

Зерттеу, сараптаулар нәтижелері бойынша еліміздегі МЖӘ даму барысындағы орын алған мәселелерді жою есебінен, келесідей басты іс-әрекеттер арқылы оңтайландыру бағытында бірқатар қорытындылар жасауға болады:

1) Инновациялық қызметті реттеу саласындағы әртүрлі ұғымдық аппараттарды (ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру тәртібін реттеу және ғылыми-техникалық қызмет; енгізу тетіктерін заңнамалық бекіту, технологиялық инновациялар және оларды нарыққа шығару) беру туралы мәселелерді заң жүзінде бір нормаға келтіру керек.

2) Дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесінде инновациялардың дамуының алғашқы кезеңінде мемлекет шешуші рөл атқарады, себебі жобалар өте жоғары тәуекелділікке ие, сонымен қатар оларда банктік және жеке капиталға қол жетімділіктері шектеулі.

3) Қазақстан технологиялық инновациялар мен ҒЗТҚЖ-ны қаржыландыру саласы бойынша әлем бойынша төмен деңгейде, бұл елімізде инновациялық саясатты іске асыру бойынша сапаға, масштабқа және нәтижелер деңгейіне әсер етуде.

4) МЖӘ жобаларын тариф есебінен (мемлекеттік тапсырыс, ақылы қызметтер және т.б.) өтей отырып, жеке серіктестерден мемлекеттің қызметтерді сатып алуы жөніндегі жобаларға тарату қажет. Осылайша, мемлекет жеке сектордың активтерін сатып алмайды, ШОБ айналымына енгізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Cooke P. Global Production Networks and Global Innovation Networks: Stability Versus Growth // European Planning Studies. 2013, no. 21(7), pp. 1081–1094. URL: <http://surl.li/mgxqf>

2 Hagland M. Secrets of private-sector ACO innovation. What Blue Shield of California's Juan Davila knows // Healthcare informatics: the business magazine for information and communication systems. 2012, no. 29(7), pp. 40–42. URL: <http://surl.li/mgxoe>

3 Orman C. Organization of innovation and capital markets // North American Journal of Economics and Finance. February 2015. Vol. 33. P. 94–114. URL: <http://surl.li/mgxor>

4 Biermann F. Beyond the intergovernmental regime: Recent trends in global carbon governance // Current Opinion in Environmental Sustainability. 2010, no. 2(4), pp. 284–288. URL: <http://surl.li/mgxqz>

5 Kort M., Klijn E.H. Public-Private Partnerships in Urban Regeneration: Democratic Legitimacy and its Relation with Performance and Trust // Local Government Studies. 2013, no. 39(1), pp. 89–106. URL: <http://surl.li/mgxmf>

6 Хасенова К.К., Шамишева Н.К., Мухияева Д.М. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудың іскерлік альянсы ретінде // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, «Экономика» сериясы. – 2022. – № 1(139). – 27–38 б.

7 Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформала агенттігі. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері. 2023. URL: <https://www.stat.gov.kz/>

8 Днишев Ф.М., Габдулина А.С. Предпосылки и условия формирования модели «тройной спирали» инноваций в Казахстане // Экономика: стратегия и практика. – 2018. – № 3(47).

9 Reforming Kazakhstan: Progress, Challenges and Opportunities, OECD. 2018, p. 187. URL: <http://surl.li/mgxrt>

10 Тұрғынбаева А.Н., Домалатов Е.Б. Шетелдегі мемлекеттік жеке-меншік әріптестік қарым-қатынасының ерекшелігі // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы, «Экономика» сериясы. 2017. – № 4(122). – 132–143 б.

11 Davoine E., Deitmer L. L'évaluation participative et responsabilisante: un instrument de structuration des projets de partenariats public-privé en recherche et développement // Revue Française d'Administration Publique. 2009, no. 130, pp. 275–289. URL: <http://surl.li/mgxhy>

12 Merlin-Brogniart C. Improving understanding of the innovation process in innovation-oriented public-private partnerships // Journal of Innovation Economics & Management. 2014, no. 3(15), pp. 117–144. URL: <http://surl.li/mgxsz>

13 Davoine E., Deitmer L. L'évaluation participative et responsabilisante: un instrument de structuration des projets de partenariats public-privé en recherche et développement // Revue Française d'Administration Publique. 2009, no. 130, pp. 275–289. URL: <http://surl.li/mgxhy>

14 Etzkowitz H. The Norms of Entrepreneurial Science: Cognitive Effects of the New University-Industry Linkages // Research Policy. 1998, no. 27, pp. 823–833. URL: <http://surl.li/mgxje>

15 Солтанғазинов А.Р., Амирова М.А., Искенова Г.К. Жобалық тәсіл тұрғысынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі // Проблемы агрорынка. – 2019. – № 3. – С. 68–74.

16 Грибовский А.В., Ушакова С.Е. Механизмы государственной поддержки малого инновационного бизнеса за рубежом // Наука. Инновации. Образование. – 2014. – С. 205–221.

REFERENCES

1 Cooke P. (2013) Global Production Networks and Global Innovation Networks: Stability Versus Growth // *European Planning Studies*, no. 21(7), pp. 1081–1094. URL: <http://surl.li/mgxqf>. (In English).

2 Hagland M. (2012) Secrets of private-sector ACO innovation. What Blue Shield of California's Juan Davila knows // *Healthcare informatics: the business magazine for information and communication systems*, no. 29(7), pp. 40–42. URL: <http://surl.li/mgxoe>. (In English).

3 Orman C. (2015) Organization of innovation and capital markets // *North American Journal of Economics and Finance*. February. Vol. 33. P. 94–114. URL: <http://surl.li/mgxor>. (In English).

4 Biermann F. (2010) Beyond the intergovernmental regime: Recent trends in global carbon governance // *Current Opinion in Environmental Sustainability*, no. 2(4), pp. 284–288. URL: <http://surl.li/mgxqz>. (In English).

5 Kort M., Klijn E.H. (2013) Public-Private Partnerships in Urban Regeneration: Democratic Legitimacy and its Relation with Performance and Trust // *Local Government Studies*, no. 39(1), pp. 89–106. URL: <http://surl.li/mgxmf>. (In English).

6 Hasenova K.K., Şamişeva N.K., Muhieva D.M. (2022) Memleketтік-жекemenшік серіктестік әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудың іскерлік әлсіздігі // *Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, «Экономика» сериясы*. No. 1(139). 27–38 p. (In Kazakh).

7 Qazaqstan Respublikasynyñ ctrategialyq josparlau және reformala ragenttığy. Ūlttyq statistika bürosynyñ мәліметтері. 2023. URL: <https://www.stat.gov.kz/>. (In Kazakh).

8 Dnishev F.M., Gabdulina A.S. (2018) Predposylki i uslovija formirovaniya modeli «trojnoj spirali» innovacij v Kazahstane // *Jekonomika: strategija i praktika*. No. 3(47). (In Russian).

9 Reforming Kazakhstan: Progress, Challenges and Opportunities, OECD. 2018, p. 187. URL: <http://surl.li/mgxrt>. (In English).

10 Tūrğynbaeva A.N., Domalatov E.B. (2017) Şeteldegi memleketтік жеке-меншік әріптестік қарым-қатынасының ерекшелігі // *Ал-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы, «Экономика» сериясы*. No. 4(122). 132–143 p. (In Kazakh).

11 Davoine E., Deitmer L. (2009) L'évaluation participative et responsabilisante: un instrument de structuration des projets de partenariats public-privé en recherche et développement // *Revue Française d'Administration Publique*, no. 130, pp. 275–289. URL: <http://surl.li/mgxhy>. (In English).

12 Merlin-Brogniart C. (2014) Improving understanding of the innovation process in innovation-oriented public-private partnerships // *Journal of Innovation Economics & Management*, no. 3(15), pp. 117–144. URL: <http://surl.li/mgxsz>. (In English).

13 Davoine E., Deitmer L. (2009) L'évaluation participative et responsabilisante: un instrument de structuration des projets de partenariats public-privé en recherche et développement // *Revue Française d'Administration Publique*, no. 130, pp. 275–289. URL: <http://surl.li/mgxhy>. (In English).

14 Etzkowitz H. (1998) The Norms of Entrepreneurial Science: Cognitive Effects of the New University-Industry Linkages // *Research Policy*, no. 27, pp. 823–833. URL: <http://surl.li/mgxje>. (In English).

15 Soltanğazinov A.R., Amirova M.A., İskanova G.K. (2019) Jobalyq tāsıl tūrğysynan Qazaqstan Respublikasynyñ memleketтік-жеке меншік әріптестігі // *Problemy agrorynka*. No. 3. P. 68–74. (In Kazakh).

16 Gribovskij A.V., Ushakova S.E. (2014) Mehanizmy gosudarstvennoj podderzhki malogo innovacionnogo biznesa za rubezhom // *Nauka. Innovacii. Obrazovanie*. P. 205–221. (In Russian).

Е.М. ӘБЕНОВ,*¹

PhD, доцент.

*e-mail: aem11186@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0243-9223

К.К. ХАСЕНОВА,¹

к.э.н., доцент.

e-mail: n_kenzhegul@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4787-2028

С.С. ЫДЫРЫС,²

д.э.н., профессор.

e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-0593-1990

Ж.М. АКИМОВ,³

PhD, доцент.

e-mail: akimov404@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-5476-9742

¹Евразийский университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Казахстан

²Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави,

г. Туркестан, Казахстан

³Международный университет туризма и гостеприимства,

г. Туркестан, Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО КАК ИНСТРУМЕНТ СТИМУЛИРОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ СФЕРЕ

Аннотация

В условиях рыночной экономики важно совершенствовать технологию работы и эффективность управления ресурсами. Для их развития одним из эффективных путей по технологии привлечения инвестиций является применение механизма государственно-частного партнерства (ГЧП). ГЧП-объекты инфраструктуры, находящиеся в государственной собственности, занимающие важное место в экономике, влияют на развитие предпринимательства, производства, социальной сферы и модернизацию экономики. Вместе с тем меняющуюся ситуацию на мировом рынке и ограниченность бюджетных ресурсов можно рассматривать как новый механизм привлечения инвестиций в экономику страны. В статье авторы попытались определить, совпадают ли интересы государства и предпринимательства в инновационной сфере в наибольшей степени и может ли совместная ресурсная сила сторон способствовать росту приоритетных отраслей экономики, увеличению доли казахстанских товаров и услуг на зарубежном рынке высокотехнологичной и наукоемкой продукции. В этой связи авторы утверждают, что успешное решение направлений инновационного развития предпринимательства по регионам Республики Казахстан возможно на основе механизма ГЧП, предлагают методологию и механизм. Реализация инновационной политики на основе изложенной позиции невозможна без совместной согласованной работы государственного и предпринимательского секторов на всех этапах инновационного процесса. Авторами всесторонне изучена роль механизма государственно-частного партнерства в инновационном развитии предпринимательства. Кроме того, учтены современные условия, когда в Республике Казахстан обострился финансово-экономический кризис, при котором возникают проблемы в развитии ГЧП, рассматривающиеся в статье глубоко и всесторонне. В качестве механизма активизации инновационного развития страны предусмотрен высокий уровень управления инновационными процессами в частных предпринимательских структурах, функционирующих на основе ГЧП.

Ключевые слова: государственно-частное партнерство, агломерация, предпринимательство, инновационная деятельность, механизм, научно-техническая сфера.

YE.M. ABENOV,*¹

PhD, associate professor.

*e-mail: aem11186@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0243-9223

K.K. KHASSENOVA,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: n_kenzhegul@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4787-2028

S.S. YDYRYS,²

d.e.s., professor.

e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-0593-1990

ZH.M. AKIMOV,³

PhD, associate professor.

e-mail: akimov404@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5476-9742

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

²H.A. Yasavi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan

³University of Tourism and Hospitality,
Turkestan, Kazakhstan

PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP AS A TOOL TO STIMULATE INNOVATION IN THE SCIENTIFIC AND TECHNICAL SPHERE

Abstract

In a market economy, it is important to improve the technology of work and the efficiency of resource management. One of the most effective ways to attract investments for their development is to use the mechanism of public-private partnership (PPP). PPP occupies an important place in the economy, affects the development of entrepreneurship, production, social sphere and modernization of the economy. With limited budgetary resources, PPP can also be considered as a new mechanism for attracting investments into the country's economy. In the article the authors tried to determine whether the interests of the state and entrepreneurship in the innovation sphere coincide to the greatest extent, and whether the joint resource power of the parties can contribute to the growth of priority sectors of the economy, increase the share of Kazakhstani goods and services in the foreign market of high-tech and knowledge-intensive products. In this regard, the authors propose a methodology and mechanism proving that the successful solution of innovative directions of entrepreneurship development in the regions of the Republic of Kazakhstan can be developed on the basis of the PPP mechanism. The implementation of innovation policy based on this idea and position is impossible without joint and coordinated work of the state and business sectors at all stages of the innovation process. The authors have comprehensively studied the role of the mechanism of public-private partnership in the innovative development of entrepreneurship. In addition, the modern conditions, when the financial and economic crisis has aggravated in the Republic of Kazakhstan, in which there are problems in the development of PPP, considered in the article deeply and comprehensively, are taken into account. A high level of management of innovation processes in private entrepreneurial structures functioning on the basis of PPP is envisaged as a mechanism for activation of innovative development of the country.

Key words: public-private partnership, agglomeration, entrepreneurship, innovation activity, mechanism, scientific and technological sphere.